# Ерлік толы даламыз

**1916 жылғы Ұлт - азаттық көтерілісінің басшысы, халық батыры А. Имановтың туғанына 145 жылдығына орай облыстық №2 ғылыми - әмбебап кітапхананың «Әдістеме-библиография» бөлімі «Ерлік толы даламыз, батыр біздің бабамыз» атты библиографиялық көрсеткішті оқырман назарына ұсынды. Аманкелді Имановтың есімі ержүректіліктің, қайтпас қайсарлықтың, революция ісіне қалтықсыз берілгендіктің үлгісі ретінде Кеңес Одағының қаһармандық шежіресіне мәңгі енді. Ол - қалың бұқара ортасынан шыққан коммунист-революционер, өз Отанын, халқын жан-тәнімен сүйген патриот.**




Қазақ халқының батыр ұлы Аманкелді өзінің бүкіл саналы да ерлікке толы өмірін большевиктер партиясының ісіне арнады. Ол қарапайым шаруалар арасынан шығып, саналы күрескер дәрежесіне көтерілді. Оның атын шығарған жеке басының қасиеттерінің арасында қажыр-қайратқа толы батырлығы, шыншылдық пен әділдік сүйгіштігі, халық ісіне ақырына дейін берілгендігі оны басқалардан даралап, ерекшелеп тұрды.

Халық батыры А. Иманов бейнесі жыл өткен сайын әр қырынан ашылып, толығып келеді. Елін сүйген, халықтың қамын жеген ардагердің бүкіл өмір жолы бүгінгі ұрпаққа патриоттық, отаншылдық тәрбие берудің өшпес өнегесі. Батыр өмірінің үлгілі өнегесі соңғы ұрпақ санасында да берік қалыптасып, жалғаса бермек.

Библиографиялық көрсеткіш «Азаттық үшін алысқан ер», «Азаттық туын көтерген, халықтың ұлы – қас батыр!» атты бөлімдерден тұрады. Сонымен қатар мерзімді басылым беттерінде жарияланған батыр туралы естеліктер мен толғаулар, өлеңдер берілген. Қопабай баласы ақын Қарсақ қазақ ауыз әдебиетін дамытуға өзіндік үлес қосқан, өз заманының дүлдүлі, арқалы, рухты, дара дарын Қарсақ ақынның 1944 жылы Аманкелдінің ауылында оның жау қолынан қаза тапқанына 25 жыл толуын еске түсіруге арналған жиында толғаған үлкен толғауы енгізілген.

Аманкелді Имановтың өмірі мен қызметінің қысқаша хроникасы жазылған. Халық батыры туралы жазылған әдебиеттер және мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі әліпбилік ретпен орналасқан. Батыр туралы баспасөз бетіндегі жарияланымдар мен фотосуреттер және басылым соңында көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Библиографиялық көрсеткіш тарихшыларға, ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен студенттерге ел тарихын білгісі келетін барша оқырман қауымға арналған.

**Гүлнар КЕНЖЕҒАЗЫҚЫЗЫ,**
**әдістеме-библиография бөлімінің библиографы.**